ҚОҒАМ

ӨРТ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ҚҰРТ ҚАЗАҚЫ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛАДЫ

3-бетте

АҚПАРАТ

«ЖАМБЫЛ» ҚӘСІПҚОЙ БОКС КЛУБЫ БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРУДА

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №42 (1901) 17 сәуір 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІ: МЕЖЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовты қабылдады. Президентке халықаралық қаржы институтының жұмыс нәтижесі мен алдағы жоспары жөнінде баяндалды.

Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) Қазақстан экономикасына былтыр 1,4 миллиард доллар қаржы салған, ал инвестиция портфеліндегі қазақстандық жобалардың үлесі 60 пайызға жеткен.

Қазақстан Республикасы бойынша 2022-2026 жылдарға арналған стратегия аясында аталған банк елімізге 3,8 миллиард доллар инвестиция құюды жоспарлаған болатын. Қасым-Жомарт Тоқаевқа бұл меже мерзімінен бұрын орындалғаны туралы мәлімет берілді. Биыл банкке жалпы сомасы 4,5 миллиард доллардан асатын жобалар ұсынылды. Еуразиялық даму банкі энергетикалық нысандарды жаңғырту және жаңартылатын энергия көздерін, көлік және логистика салаларын дамыту бағыттарына, соның ішінде республикалық маңызы бар жолдарды жөндеуге, инфрақұрылым нысандары құрылысына, өнеркәсіп және цифрлық технологияларға қатысты жобаларға 1 миллиард доллардан астам инвестиция салуды көздеп отыр.

Николай Подгузовтың айтуынша, ЕАДБ серіктестермен және көпжақты ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, сондай-ақ өздері ұйымдастыратын халықаралық іс-шаралар арқылы Қазақстанның қаржы нарығын дамыту және инвестиция тарту ісіне белсенді атсалысуға ниетті.

Мемлекет басшысы банктің Қазақстан экономикасын дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалап, ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

Еуразиялық даму банкі – инвестициялық қызметін Еуразия кеңістігінде жүргізетін көпжақты даму банкі. Оның штаб-пәтері Алматы қаласында орналасқан. 2025 жылы ЕАДБ портфеліне жалпы инвестиция сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 305 жоба енді. Банк өз жұмысында көлік инфрақұрылымы, цифрландыру, жасыл энергетика, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп және машина жасау салаларындағы интеграцияға тиімді әсер ететін жобаларға басымдық береді.

AKORDA.KZ.

ЖИЫН

АСТАНА АГЛОМЕРАЦИЯСЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен Астана агломерациясына кіретін елорда мен Ақмола облысының елді мекендері арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды. Қосшы қаласында өткен іс-шараға Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қатысты.

Бұл агломерация құрамына Астана және Қосшы қалалары, сондай-ақ Целиноград, Аршалы және Шортанды аудандарының 45 елді мекені кіреді. 2024-2028 жылдарға арналған Астана агломерациясын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында Ақмола облысында 245 іс-шараны жүзеге асыру көзделген.

Астана қаласы мен Ақмола облысының осы мәселемен айналысатын құрылымдарының басшылары қатысқан отырыста сөйлеген сөзінде өңір басшысы агломерацияны дамыту өзара берік географиялық, экономикалық және әлеуметтік байланыстарға негізделетінін атап өтті.

– Бүгінгі таңда Астана агломерациясын дамытуға бағытталған ірі жобалар іске асырыла бастады. 2024 жылы 8 мектеп салынды, 26,5 мың адамға газ жеткізілді, маңызды қосалқы станция қайта жаңғыртылып, ондаған шақырым жолдар мен сумен жабдықтау нысандары салынды. Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа нысандар пайдалануға берілді. Ақмола облысы үшін басым бағыттардың бірі – елорданың азық-түлік белдеуін қалыптастыру болып қала береді. Өнім жеткізу көлемін ұлғайтып, оны төмендетілген бағамен сататын сауда нүктелерін көбейту жоспарлануда. Туризмді дамытуға да ерекше назар аударылып отыр. «Aqmola Invest» инвестицияларды дамыту орталығы құрылды. Қазіргі таңда терең өңдеуге бағытталған, көлік-логистика орталығын құру және басқа да ірі жобалар жүзеге асырылуда. Бұл қосымша жұмыс орындарын ашып, елордаға көшу қарқынын төмендетуге мүмкіндік береді, – деді Марат Ахметжанов.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өз сөзінде ортақ мәселелерді шешуде жүйелі жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

– Екінші жыл қатарынан 2024-2028 жылдарға арналған Астана агломерациясын дамыту жөніндегі кешенді жоспар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Өткен жылы қалада сауда-өнеркәсіп саласында 8 жоба іске асырылды. Биыл инженерлік инфрақұрылым, көлік, қала құрылысы, адами капиталды дамыту, экология және қауіпсіздік салаларында 40-қа жуық жобаны іске асыруды жоспарлап отырмыз. Қала маңындағы көші-қонның белсенді ошағы болып саналатын Қосшы қаласымен өзара іс-қимылдың маңыздылығын ерекше атап өткім келеді. Қосшымен біртұтас көлік жүйесі қалыптастырылып, қала құрылысы жоспарлары келісілуде, инженерлік инфрақұрылымды, соның ішінде электрмен жабдықтау мен газдандыру желілерін үйлестіру жұмыстары жалғаса түсуде, – деді Астана әкімі.

Жиында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Ернар Жаркешов инфрақұрылымды дамыту және басым жобаларды жүзеге асыру туралы баяндама жасады. «Астана бас жоспары» мекемесі директорының орынбасары Азамат Хамитов агломерацияны дамыту барысы жөнінде баяндады.

Тараптар инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, азық-түлік белдеуін кеңейту жөніндегі бірлескен жобаларды талқылады. Сондай-ақ туризм әлеуетін дамыту, инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа өндірістерді іске қосу мәселелеріне баса назар аударылды.

Кездесу соңында тараптар Астана агломерациясын дамытудың кезек күттірмейтін мәселелерін шешу бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеуге келісті.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ-30

ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңірлік ҚХА кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев ҚХА-ның конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган екенін атап өтіп, Ассамблеяның игілікті істеріне тоқталды, халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін мақсат-міндеттерді көпшілікке таныстырды.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы татулық пен тұрақтылықтың ұйытқысына айналды. 30 жылдық кезеңде қоғамдық келісім нығайып, ұлттық бірлік пен ынтымақтастық тереңдеп, бейбітшілік салтанат құрды. Бұл жетістіктер – әрбір қазақстандықтың, әрбір ұлт өкілінің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ассамблея – біздің мақтанышымыз, ал оның болашағы бірлік пен үміттерге толы! – деді Ербол Қарашөкеев.

Бұдан соң ҚР Президентінің кеңесшісі қатысушыларды Ассамблеяның 30 жылдық мерейтойымен құттықтады.

– ҚХА-ның 30 жылдық белесі бізге өткенімізді саралап, жетістіктерімізді бағамдауға мүмкіндік береді. Бұл мерейтой – барша халықтың бірлігі мен келісімінің жемісі. Жамбыл облысы – этнос өкілдері көп шоғырланған аймақ. Өңірдегі этномәдени бірлестіктердің береке мен бірлікті сақтау жолындағы еселі еңбегі зор. Біздің күшіміз–

бірлікте! Еліміздің бірқатар аймағын су басқанда, жамбылдықтар алғашқылардың бірі болып, зардап шеккен ағайынға қол ұшын созды. Мемлекет басшысы үшін «Қуатты өңірлер – қуатты ел» ұстанымы әрқашан өзекті. Бүгінде Жамбыл жері жайқалып келеді», – деді Мәлік Отарбаев.

Кеңейтілген кеңесте өңірлік ҚХА мүшелері ұсыныс-пікірлерін, орамды ойларын ортаға салды. «Әулиеата» қазақ мәдени орталығы төрағасының орынбасары Айгүл Қабиева Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар жамбылдықтардың ынтымағы мен бірлігін арттыра түсуге септігін тигізгенін атап өтті. «Жомарт жан» орталығының төрағасы, облыстық мәслихаттың депутаты Жалил Аббосов Ассамблея мен қайырымдылықтың егіз ұғым екенін айта келе, атқарылған жұмыстардың есебін берді.

Басқосуда Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес өңірдің өркендеуіне және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматқа Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медаль табысталды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ӘРІПТЕСТІК

ХОРВАТТАР БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЫНТАЛЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Хорватия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Рефик Шабановичпен кездесті. Бүгінде Қазақстан мен Хорватия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жылдан асты. Соңғы жылдары туризм, білім беру және логистика салаларында әріптестік кеңейіп келеді.

Кездесу барысында елші жақында Астанада үлкен бизнес форум өтетінін айтып, Абай облысының кәсіпкерлерін сол іс-шараға қатысуға шақырды. Форумға екі елдің салалық министрліктері мен бизнес қауымдастықтары қатысады деп жоспарланып отыр.

Құрметті қонақ Хорватияның көлік, фармацевтика, «IT» саласында әлеуеті зор екенін атап өтіп, өңірде бірлескен жобаларды жүзеге асыру бойынша ұсыныстарын жеткізді.

«Қазақ елімен барлық салада ынтымақтастығымызды кеңейткіміз келеді. Алматы қаласында біздің мемлекеттің бірнеше фармацевтикалық компаниясы бар. Сіздердің тараптан қолдау болса осындай бір компанияны Абай облысында ашқымыз келеді. Басқа да салаларда бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Рефик Шабанович.

Аймақ басшысы елшіге өңірге арнайы келгені үшін алғыс білдіріп, облыс әкімдігі барлық салада бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін айтты.

«Құрметті елші мырза, Абай еліне қош келдіңіз. Сіздің біздің елімізде ұзақ жылдар жұмыс істеген, ең тәжірибелі елші екеніңізді жақсы білемін. Екі елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынасын нығайтуға қосып жатқан үлесіңіз зор. Кездесуде айтқан ұсыныстарыңызды қуана қабыл аламыз. Салалық басқармаға тиісті тапсырма беремін. Біздің өңірге жаңа жобалар өте қажет. Бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз»,– деді облыс әкімі.

АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ӨРТ ҚАУІПІ ЖОҒАРЫ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өрт қаупі жоғары кезеңге дайындық мәселесі қаралды.

Ірі өрттерді болдырмау жөніндегі шаралар туралы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ТЖМ бөлімшелерінің өрт қаупі жоғары кезеңге дайындығы туралы Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, ғарыштық мониторинг және өрттерді болжау жүйелері жөніндегі жұмыс туралы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша еліміздің мемлекеттік орман қорының ауданы 31 миллион гектарды құрайды, оның ішінде орманмен жабылған – 13,9 миллион гектар. Бүгінде елімізде орман өрттерін ерте анықтау жүйелерімен қамту 1,3 миллион гектарды құрайды. Жыл басынан бері жалпы ауданы 4,4 мың гектардан асатын 25 өрт тіркелді.

Ерлан Нысанбаев орман шаруашылықтарының осы жылдың өрт қаупі жоғары кезеңіне дайындық дәрежесіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы баяндады. Биыл 10 сәуірдегі жағдай бойынша Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының орман мекемелері, сондай-ақ «Семей орманы» резерваты дайын болмады. Облыс әкімдіктеріне анықталған кемшіліктерді жоюға және техниканы толық жауынгерлік даярлыққа келтіруге ұсыныстар жолданды.

Премьер-министр әкімдіктердің назарын өрттерді сөндіру кезінде жедел ден қою және өзара іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының жаңа алгоритмін орындау қажеттігіне аударды.

Осы ережелерді сақтамауына байланысты Павлодар облысы мен Абай облысының жауапты ведомстволарына биылғы жылдың алғашқы өрттері кезінде Экология және табиғи ресурстар министрлігіне, ТЖМ және ІІМ-ге тиісті шаралар қабылдап, жаза қолдану арқылы тергеу жүргізу тапсырылды.

Олжас Бектенов «Қазгидрометтің» ыстық және құрғақ жаз туралы болжамын ескере отырып, өрт қаупі жоғары кезеңдегі барлық қызметтердің жедел және үйлестірілген жұмысының маңыздылығын атап өтті. Маусымға дайындық жұмыстарын жандандыру қажет аймақтар аталды.

«Тексеріс көрсеткендей, табиғи өрттердің алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары барлық өңірде бірдей тиісті деңгейде іске асырылып отырған жоқ. Жамбыл, Қостанай, Түркістан, Ақтөбе, Қарағанды, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарындағы елді мекендердің айналасынан минералды белдеу жасау жұмыстары басталмаған. Далалы жерлерде, орманда өрт шығатын болса, бұл ауылдарға тікелей қауіп төнеді. Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Ұлытау облыстарында елді мекендердің аумағын қураған шөптер мен қоқыстардан тазарту жұмыстары әлі күнге дейін жүргізілмеген. Одан бөлек, Ақтөбе, Павлодар, Қызылорда, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының орман мекемелері өрт қаупі жоғары кезеңге дайын емес. Осыған байланысты өңір әкімдеріне биылғы маусымға дайындық жұмыстарын күшейтуді және бұл мәселені тікелей бақылауға алуды тапсырамын», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-Министр бірқатар міндеттер жүктеді. Төтенше жағдайлар министрлігіне Экология және табиғи ресурстар министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, мамыр айының соңына дейін табиғи өртке қарсы республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізуді тапсырды.

«Оқу-жаттығуларда трансшекаралық өртті сөндіру және көрші мемлекеттердің қызметтерімен өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтау керек. Өрт қаупі жоғары өңірлерде мемлекеттік авиацияның өрт сөндіруге арналған тіқұшақтарының кезекшілігін ұйымдастыру мәселесін қараңыздар. Орман алқаптары мен ашық жерлерді шолып шығу үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану керек», — деді Олжас Бектенов.

Экология министрлігі әкімдіктермен бірлесіп табиғат қорғау және орман шаруашылығы мекемелерін әрі қарай жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Сондай-ақ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, өртті ерте анықтау және өрттердің өршу жағдайын, оны сөндіру алгоритмдерін модельдеу жүйелерінің қамту ауқымын ұлғайтады. Тиісті жоспар-кестені әзірлеу және оны Үкіметте бекіту, орындалуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берілді.

Әкімдіктердің алдына елді мекендерде өрт сөндіру бекеттері мен ерікті өртке қарсы құралымдарды ұйымдастыру бойынша жұмысты жалғастыру міндеті қойылды. Өңірлерде әуе кемелерін тарту үшін жанар-жағармай материалдарының қажетті қорларын қамтамасыз ету, өрт сөндіру көліктері мен тіқұшақтарға қажетті су көздерін дайындау қажеттігі атап өтілді. Ұйымдастыру мәселелерін биылғы 10 мамырға дейін шешу тапсырылды.

Ішкі істер министрлігі өрт қаупі жоғары кезеңде орман алқаптарында демалуға тыйым салу жөнінде шаралар қабылдауы, рейдтер мен бақылау жүргізу кестесін жасауы қажет. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғандардың барлығын жауапкершілікке тарту міндеті қойылды.

Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар, Мәдениет және ақпарат министрліктеріне, әкімдіктерге ел арасында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰРЫЛТАЙ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЖАМБЫЛДА ТУРИСТЕР САНЫ ЖИЫРМА ЖЕТІ ПАЙЫЗҒА АРТҚАН

Жамбыл облысына іссапармен келген Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев Тараз қаласындағы «Баласағұн» орталық концерт залында мәдениет, руханият, спорт және әлеуметтік сала қызметкерлерімен кездесті. Алқалы кездесуде әлеуметтік сала бойынша ұтымды ұсыныстар мен пікірлер айтылды. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеев кездесудің негізгі мақсаты – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында көтерген бастамаларын түсіндіру екенін еске салды. Мемлекет басшысы туризм саласын дамытуға баса көңіл бөлгенін алға тартқан облыс әкімі өткен жылы өңірге келген туристер саны 27 пайызға артқанын атап өтті.

– Расында, мәдениет сондай-ақ жалпы идеология саласында атқарылып жатқан жұмыс көп. Дегенмен, әлі де іске асырылатын шаруалар бар. Мәселен, өткен жылы Жамбыл жұртшылығы облыстың құрылғанына 85 жыл толуын жоғары деңгейде атап өтті. Көне заманнан басталатын тарихымызды түгендеп, оны келер ұрпаққа жеткізу – басты міндетіміз. Президентіміз Жамбыл облысында туризм саласын дамытуға мән беріп отыр. Сондай-ақ 18 туристік бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуде. Облыста 40 негізгі нысан арқылы өтетін 10 жаңа нысан әзірленді. 3 туристік нысанға баратын жол және 2 туристік нысанға газ құбырын жүргізу жоспарланып отыр. Туризм саласында жалпы құны 17,6 миллиард теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Осы жобаларды іске асыру нәтижесінде 350 жаңа жұмыс орыны ашылады деп күтілуде. Биыл туризм саласын дамыту мақсатында 10 ауқымды іс-шара өткізуді көздеп отырмыз. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда ұлт денсаулығына алаңдаушылық білдіріп, денсаулық саласын дамыту мен бұл салаға инвестиция тартуды жалғастыру қажеттігін баса айтты. Облыста өткен жылы 22 денсаулық сақтау нысаны беріліп, бір ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. 18 диагностикалық техника, 38 санитарлық көлік сатып алынды. Биыл 4 нысанды ел игілігіне беру және 6 нысанды күрделі жөндеуден өткізу жоспарда бар, – деген Ербол Қарашөкеев жас желкеннің сапалы білім алуы үшін «Жайлы мектеп» жобасы аясында Шөлдала елді мекенінде бір, Қордай ауданында екі білім ошағының пайдалануға берілетінін де атап өтті.

А.Тоқпанов атындағы қазақ драма театрының актері Асқарбек Сейілхан өз сөзінде театр саласындағы жағымды жаңалықтар мен жаңа қойылымдар жайлы хабардар етті. Биыл өңірдегі өнердің қарашаңырағы А.Тоқпанов атындағы қазақ драма театрының 90 жылдығын кең көлемде атап өту күтілуде. Осыған орай өнер қайраткері бір ғасырға жуық халықты өр өнермен сусындатып келе жатқан театрға академиялық атақ берілсе деген ұсынысын жеткізді.

«Айша бибі» емдеу-сауықтыру орнының бас дәрігері Райқұл Нұржанов Мемлекет басшысының Ұлттық Құрылтайда есірткі саудасы, нашақорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, агрессия, вандализм және ысырапшылықтардың таралуына тосқауыл қоюға шақырғанын айтып, «бұл – болашақ ұрпағымыздың денсаулығына, олардың психо-эмоционалды жағдайына оң әсер етеді», деді. Сонымен қатар, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің 4-ші курс студенті Құттыбек Нұрғалиұлы алдағы 26 сәуір күні «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарихшы Өзбекәлі Жәнібековтің құрметіне «Өзбекәлі және мәдени майдан» атты облыстық байқау ұйымдастырып жатқанын айтып, алдағы 2026 жылды «Мәдениет жылы» деп жариялауды ұсынды.

Жиынды қорытындылаған Мәлік Отарбаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Ұлттық Құрылтайда айтқан идеялары мен бастамаларына жан-жақты тоқталып, алдағы міндеттерді жүзеге асыру жайын сөз етті. Мемлекет басшысы бағдарламалық баяндамасында бес негізгі мәселені көтергенін атап өтті.

– Әулиеата өңірінде тек өнеркәсіп пен өндірісте ғана емес, мәдениет пен денсаулық сақтау салаларында да көптеген жаңалықтар бар. Мұның бәрі – Ұлттық Құрылтайда Президент айтқан «Қуатты аймақ – қуатты ел» ұлттық тұжырымдамасына сай келеді. Әрине, күнделікті күйбең тіршілікте көптеген мәселелерді алға тарта береміз. Себебі, еліміздің тәуелсіздігін сақтау – баршаның міндеті. Алдымызда тәуелсіздігіміздің 40 жылдығын атап өту межесі тұр. Біз осынау күнді атап өте отырып, мемлекетіміздің Мәңгілік ел болу жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Өйткені, ең маңызды мәселе – мемлекетімізді сақтап қалу, – деген Президент кеңесшісі жамбылдықтардың Мемлекет басшысының саясатын жүзеге асыру жолындағы еңбектеріне табыс тіледі.

Президент кеңесшісінің өңірге жасаған сапары Ы.Дүкенұлы атындағы Тараз қалалық мәдениет үйінде имамдармен кездесуге жалғасты. Оны облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов ашып, жүргізді. «Ұлттық Құрылтайда көтерілген рухани-мәдени мәселелер, дін мәселесі қашанда өзекті. Сол мәселелер бойынша сіздермен ой бөлісуге, өзінің ұстанымдарын түсіндіруге Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаев арнайы келіп, сіздермен жүздесіп отыр», – деді Серік Сәлемов.

Тараз қалалық «Әулиеата» мешітінің бас имамы Ержан Аманбаев Құрылтайда халықтың аса өзекті мәселелері қозғалғанын, оның ішінде руханият пен діннің алатын орны жоғары екенін айтып өтті. Облыстық дін проблемаларын зерттеу орталығының инспекторы, діни ғалым Бақтияр Алпысбаев Мемлекет басшысының дін мәселесіне үнемі назар аударып отырғанын еске сала келе, мемлекетімізде түрлі діни ұстанымға шектеу жоқ екеніне тоқталды. Бірлік пен ынтымақты сақтауда діннің рөлінің зор екенін атап өтті.

Мәлік Отарбаев өз сөзінде Ұлттық Құрылтайда айтылған негізгі бағыттар мен өзекті мәселелер жайына тоқталды.

– Өздеріңіз жақсы білетіндей, былтыр өткен Құрылтайда да қоғамды мазалап жүрген ең өзекті мәселелер көтерілді. 53 бағыттан тұратын арнайы Жарғы бекітілді. Президент сол құжатқа қол қойды. Президент дін мәселесі туралы үнемі айтады. Діннің идеологиялық рухани жағынан үлкен орны бар. Дін – елді біріктіруші, ізгі бағытқа ұйыстырушы күш. Егер дін халықты ізгілік пен ынтымақ жолына біріктіре алмаса, діннің өзі мәселеге айналады. Діннің нәзік тұсы бар. Біз зайырлы мемлекетпіз. Бірақ, зайырлы деген ұғымның ауқымы өте кең. Біздің мемлекет әр көзқарасқа құрметпен қарайтын дінді қолдайды. Дін саясатына жеңіл қарауға болмайды. Көпшілік тұрғындардың дінге бет бұруы көбейсе, ол бізді қуантады, - деген Президент кеңесшісі азаматтар Жаратушы, Отан және Мемлекет алдындағы жауапкершілігін сезінсе, қандай асуды да алатынымызды әдемі жеткізді. Имамдар ұлт руханиятының дамуына зор үлес қосып жүргенін, былтырғы Қазақстанның жартысына жуық өңірді қамтыған су тасқынында, Түркістан облысының Арыс қаласындағы, Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы әскери қоймалардың жарылысы кезінде жұртты сабырға шақырғаны үшін имамдарға үлкен алғыс айтты.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов кездесуді қортындылап, Президент кеңесшісіне өңірге арнайы келіп, әр саланың өкілдерімен кездескені үшін ризашылығын білдірді.

Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың облысымызға жұмыс сапары аясындағы кездесулерінен туризм, басқа да салалардағы жетістіктерге тағы бір көз жеткізгендей болдық.

А. АБЫЛАШҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«TEKTURMAS» ЖУРНАЛЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Тараз қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «Aulieata-media» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты «Tekturmas» республикалық журналының тұсаукесері өтті. Салтанатты іс-шараға Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс әкімінің орынбасары Серік Сәлемов және ақын-жазушылар, оқырмандар қатысты. Облыс әкімінің орынбасары қазақтың тарихы мен рухани мұрасын насихаттау үшін жарық көріп отырған «Tekturmas» журналының бағыт-бағдарына, көтеретін тақырыбына жан-жақты тоқталып өтті.

– Журнал – бабалар аманатына адалдықтың, бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін парасат мінберінің бірі боларына сенеміз. Басылымның мақсаты – ұлт тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, ұлттық болмыс пен заманауи ой-толғамдарды ұрпақ санасына сіңіру. Бұл бағытта еңбек етіп жатқан шығармашылық ұжымға алғысымды білдіремін. «Tekturmas» журналы – Жамбыл өңірінің рухани тынысын кеңейтіп, ел ішіндегі дарынды қаламгерлерге, жас зерттеушілер мен өнер иелеріне жаңа мүмкіндіктер ашатын алаң. Аймақтың тарихи-мәдени келбетін кең көлемде насихаттау арқылы журнал өскелең ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады. Сонымен қатар, басылым жастар мен зиялы қауым арасындағы байланысты нығайтып, бүгінгі рухани сұраныс пен тарихи сабақтастықты жалғайтын «алтын көпірге» айналмақ. Сондықтан «Tekturmas» – бір өңірдің ғана емес, барша қазақ руханиятының ортақ мұрасы, – деді Серік Сәлемов.

«Aulieata-media» серіктестігінің бас директоры Данияр Асқарұлы «Tekturmas» журналының алдағы уақытта қамтитын негізгі тақырыптарын атап өтіп, өзі басқарып отырған шығармашылық ұжымның жетістіктеріне тоқталды.

Белгілі жазушылар Пернебай Дүйсенбин мен Елен Әлімжан өз ұсыныстарымен бөлісе келе, журналдың шығармашылық ұжымына сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысының кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Пернебай Дүйсенбин және Елен Әлімжан журналдың тұсауын салтанатты жағдайда кесті.

Президенттің арнайы сәлемін жеткізген Мәлік Отарбаев:

– Талайғы тарихтың куәсі болған Талас өңірі ұлттық діңгегіміздің алтын қазығы екені анық. Екі мың жылдан астам уақыт аралығында Талас аумағында елдігіміздің құндылықтары болған төл тарихымыз, мәдениетіміз бен өркениетіміз қалыптасты. Ежелгі заманда дін мен ділдің, тарих пен тағылымның, сауда мен қолөнердің орталығы болған Жамбыл өңірі қайнаған тіршіліктің ортасына айналып келеді. Осынау қасиетті де киелі мекенге жұмыс сапарымен келіп отырып, ел Президентінің арнайы сәлемін жеткізгім келеді. Өздеріңізге белгілі, Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы ғылымға көңіл бөлу басым бағыттардың бірі болып қала беретіндігін жеткізді. Осы бағытта жастарды ғылымға бейімдеу мақсатында барлық деңгейдегі оқу орындарында ғылыми жобалар кең көлемде қаржыландырылып келеді. Мәселен, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті 5 миллиард теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болып отыр. Бұл бұрын-соңды болмаған жағдай. Мұның бәрі де Президенттің Ұлттық құрылтайда айтқан «Қуатты аймақтар – қуатты ел» ұстанымы аясында жүзеге асуда. Сондықтан Мемлекет басшысы ел ішіндегі ғылыми бағыттағы бастамаларға баса мән беріп отыр, – деді Мәлік Отарбаев.

Журналдың бас редакторы – журналист Маржан Рақай. Мемлекеттік және ресми тілде айына бір рет жарық көретін «Tekturmas» журналындағы әріптестерге шығармашылық табыс тілейміз!

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

ТЕРЕҢДЕТЕ ӨҢДЕУ

ҚҰРТ ҚАЗАҚЫ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛАДЫ

Халқымыз үшін сүт өнімдерінің маңызы зор. Ежелден төрт түлікті кәсіп еткен еліміз ауылшаруашылық өнімдеріне ерекше басымдық береді. Міне, сондай экологиялық таза, құрамында қоспасы жоқ табиғи сүт өнімдерін Райымбек ауданындағы «Qarasaz food» деп аталатын сүт зауыты шығарады. Кәсіпорын іске қосылғанына үш жылдан асты. Мұнда қазір сүт өнімдерінің 13 түрі дайындалады.

Зауыт тәулігіне 500 келі құрт, 2 тонна сүзбе, бір тонна сары май, 7 тонна сүт, 2 тонна айран, «Снежок» сүтті сусынын, 300 келі қаймақ өндейді. Өндіріске қажетті шикізат та осы өңірге тиесілі. Сүтті арнайы көлікпен Кеген, Райымбек аудандарынан тасымалдайды. Жаз айларында тәулігіне 25 тоннаға дейін сүт әкелінеді.

«Qarasaz food» ЖШС-нің өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Ерсін Айбарұлымен зауыт жұмысы туралы тілдескенімізде, қажетті шикізат Райымбек, Кеген аудандарынан және жергілікті тұрғындардан сүттей қабылданатынын, мұнда 40 адам жұмыспен қамтылғанын, көбіне ауыл тұрғындары жұмыс істейтінін, Алматы қаласы мен облысында 13 фирмалық дүкені бар екенін алға тартты.

«Qarasaz food» сүт зауытының құрылтайшысы Сәбит Әлиев сүттен кейінгі өнімдердің қалай даярланатынын жұмыс барысында аралап көрсетті.

– Өздеріңіз көргендей, 2,5 пайыздық айран және 9 пайыздық ірімшік сатылымға дайын тұр. Ірімшіктің бір қораптағы салмағы 5 келі болады, нарықтағы бағасы – 1500 теңге. Сүттің 1 литрін тұрғындардан 200 теңгеден қабылдаймыз. Айран мен сүттің бағасы 330 теңгеден саудаланады. Бәрі табиғи, қоспасыз, термостатпен осы жерде дайындалады. Әлеуметтік дүкендермен келісімшарт негізінде жұмыс істейміз. Бағаны тұрақтандырып, ең төменгі қалыпты ұстап тұрмыз. Көрші Қырғыз мемлекетінен келіп жатқан сүт өнімдерімен бәсекеге түсу үшін таза өнімді шығару басты назарда.

Үкіметтен қолдау бар. Былтыр 200 тонна сары майды дистрибьютор компаниялар арқылы Ресейге экспортқа шығардық. Биыл да кемі 200 тонна сары майды Қазақстаннан артылғанын Ресейге, басқа да мемлекеттерге экспорттауды жоспарлап отырмыз. Кәсіпорын ашылған бірінші жылы сары май мен құртты өндеп, сатылымға шығардық. Былтырдан бері зауытымызға технологтар келіп, өндірістің басында жүріп, жұмыскерлерге сүзбе жасаудың қыр-сырын үйретті. Қазір жоғары сапада ірімшік жасап, нарыққа шығарып жатырмыз. Дайын өнімдерді қалаға тасымалдайтын арнайы автокөліктер сатып алдық. Біздің өнімдеріміз жайлы «Instagram» желісіндегі «@qarasaz_food» парақшасынан кеңірек білуге болады, – деген Сәбит Әлиев құрт қазақы технология бойынша дайындалатынын, сүттің қаймағы алынбай, майлы күйінде өндірілетінін, ол қалыпқа құйылып, одан соң арнайы пеште кептірілетінін айтты.

Міне, ұлттық өніміміз өз құндылығын жоймай, тұтынушыға осылайша ұсынылуда. «Qarasaz food» сүт зауытының 80 сиыры бар, қазір төлдеп жатыр. Кәсіпорын басшылығы таяу болашақта сиыр фермасын ашуды көздеп отыр. Жоспар іске асса, өнімділік те арта түспек.

Д. ӘБУТӘЛІПОВ.
Алматы облысы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЭКСПОРТТЫҚ СҰРАНЫСҚА ИЕ 400-ДЕН АСТАМ ӨНІМ ТҮРІН ШЫҒАРАДЫ

«Alageum Electric» холдингтік компаниясының құрамына кіретін «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ы еліміздің электр машина жасау саласының ірі жоғары технологиялық өндірістік кәсіпорындарының бірі де бірегейі. Зауыт бүгінде Кентау қаласының ғана емес, еліміздің экономикасына да үлес қосып келе жатқан кәсіпорындардың қатарында жергілікті халықты жұмыспен қамтып отыр.

1997 жылы кәсіпорынның тек 10 түрлі ғана өнім номенклатурасы болса, ал бүгінде өнімдер тізімі Қазақстанда бұрын өндірілмеген және экспорттық сұранысқа ие 400-ден астам өнім түрін шығаратын болды. Бүгінде зауыт қуаттылығы 80 000 кВА дейінгі 10, 20, 35, 110 кВ күштік, майлы және құрғақ трансформаторларды, әртүрлі орындалатын қосалқы станса-ларды (ОРУ, КРУ, ЗРУ, ОПУ 35, 110 кВ), төмен және жоғары вольтты ұяшықтарды және тағы басқа сұранысқа ие электр жабдықтарын шығарады. КТЗ өнімдерін еліміздің басқа Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Әзірбайжан сияқты елдер нарығына, жиыны дайын өнімдерді 14 елге экспорттайды.

Жақында біз зауыт һәм жұмысшылардың тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік. Зауытқа сапарымызды №1 цех жұмысымен танысудан бастадық. Бұл цех дайындаушы цех деп аталады. Яғни трансформатордың ішіндегі болатын болат материалдар формаға лайықталып кесіледі, станоктарда бөлшектеліп магниттері дайындалады. Катушкаларға оралатын материалдар, сымдар кесіледі, сым орау, теру, дәнекерлеу, бояу жұмыстары жасалып майы құйылып кезекті операциялар орындалатын келесі цехқа жөнелтіліп жатады. Мұнда: электр қозғалтқыштар, генераторлар, трансформаторлар шығарудың қаншама технологиясын танып-білуге болады. Қай құрылғының, орағыштар мен токарьлық станоктардың, дәнекерлеуші, біріктіруші, түрлі сымдар мен қораптарды жасайтын технологиялардың жанына барсаңыз, мамандардың кірпік қақпай өз істерін мұқият қадағалап жасап жатқанын көресіз. Цехтағы жұмыс процесі өз ретімен жүріп, өндіріс ошағында қайнаған қазанның куәсі болдық.

Цехтың белді жұмысшысы, оператор Жасұлан Жаңабаев 2006 жылдың тамыз айында оператордың көмекшісі болып жұмысқа кірген екен. Ол бір жылдан кейін операторлықты, станокта жұмыс істеуді толық меңгеріп, содан бері жемісті жұмыс істеп келеді. Жасұлан автоматтандандырылған кесуші станоктарды басқарады. Станоктар Италиядан, Түркия (Laye), Бельгия (Soenel) келген озық аппараттар. Сол станоктарда жұмыс істеп трансформатордың жүрегі іспетті саналатын магнитті бөлшектеп (электротехникалық сталь) кесумен айналысады. Жасұлан тәжірибелі жұмысшы ретінде 3 жылдан бері Орал, Петропавл қалаларында ашылған зауыттың еншілес бөлімдеріне барып, жаңа келген станоктарды қабылдап алып, жас операторларды үйретіп, машықтандырып жүр. Соңғы үш жылда жиі іссапарға шығып, өндіріс орнының жаңа бөлімдерінде жас мамандарды даярлауға атсалысуда.

«Жұмысым өзіме ұнайды. Жауапкершілігі зор: әрбір минут-сағатымыз есептеулі, берілген схемамен жұмыс істейміз. Жұмысты бір минут тоқтатуға болмайды, өйткені бір станокта жұмыс тоқтаса, не ақау пайда болса ол келесі станокты тоқтатып қояды. Ол процесс бүкіл зауттың жұмысына әсер етуі мүмкін. Өндіріс деген түрлі операциялардан тұратын тізбекті жұмыс. Мұнда барлығы бір-біріне байланысты. Менің жұмысым цехтағы жауапкершілігі зор жұмыс. Жауапкершілігінің қатаңдығы соншалық бір жағдаймен 2-3 күнге сұранып кету мүмкін емес. Жұмыс кестесі: аптасына 6 күн, ауысыммен 8 сағаттық жұмыс, табысымыз норма орындауына, қанша болат кескеніне қарай болады. Шүкір, жалақымыз жақсы, іссапарға барсақ ол да төленеді. Біздің зауыттың колледжін бітірген жастар Орал, Шымкент, Петропавл қалаларындағы кәсіпорындарымызға барып жұмысқа тұрып жатыр. Сол жаққа барған жас мамандарға жеңілдікпен пәтер беріліп жатыр. Жастарға жұмысқа келіңдер деп батыл айта аламын. Еңбек түбі береке деген ғой, еңбектің жаманы жоқ. Жастарымыз өндірістің қыр-сырын үйренуі керек», – дейді Жасұлан.

Ал Ардақ Есенбаев цехта сым ораушы болып жұмыс істейді. Ол да сызбамен жұмыс істейді. Транформатор құрылымында сымдардың әрбір талшығының өз қызметі бар. Сызбаға қарай әрқайсысын сыйымды етіп, өз орнына орналастырып орап береді. 36 жастағы бұл жігіттің зауыттағы жұмыс өтілі 8 жыл.

«Жұмысым – таза жұмыс, ыждахаттылықты, есептілікті талап ететін жұмыс. Еңбекақы істегеніне қарай: көп істесең көбірек, аз істесең аз аласың. Жылдамдық та керек, есепке жүйрік ширақтықты да талап етеді. Жалқау болуға болмайды. Ең бастысы тұрақты жұмыс, сенімді кәсіпорын, үйден кіріп-шығасың. Құрылысқа барып, жалақысын уақтылы ала алмай, алыстан арбалап азып-тозып жүргендер де бар. Отбасымда Алланың берген үш баламыз бар, шүкір біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жатырмыз. Әрине, күні бойы аяқта тұратындықтан жұмыс ауырлау. Бірақ, бір үйреніп, машықтанып алсаң жаман емес. Осындағы колледжді бітіріп жұмысқа келіп жатқан жастар да аз емес дейді. Жастар жағдай жақсы болғандықтан келеді»,– дейді кейіпкеріміз.

«Alageum Electric» компаниясы қажетті инженерлік кадрларды даярлау мақсатында Кентауда Қазақ-неміс политехникалық колледжін ашқанына да бір мүшелдей уақыт болыпты. Бұл колледжде студенттер дуалды жүйе бойынша оқиды, оның аясында практикалық сабақтар зауытта өтеді. 13 жыл ішінде колледж зауыттың қазіргі қызметкерлерінің көп бөлігін даярлады, бірнеше мың адамды оқытты. 2022 жылы зауытта студенттер практикалық дағдыларды игеретін жаңа оқу орталығы ашылды. Сол жылы студенттерді орналастыру үшін жатақхана пайдалануға берілді. Зауытта Жапонияның Кайдзен жүйесі кеңінен қолданылады және де кәсіпорында «Жас лидерлер клубы» жұмыс істейді.

Ә. ТӘШІМ.
Түркістан облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

БАЛТАМЫР БАПТАЙТЫН «БАУЫР»

Барлыбек Сырттанов ауылының шаруа қожалықтары негізінен егін және малмен айналысады. Округте барлығы 79 шаруа қожалығы бар. Оның 42-сі егін егеді. Тәтті түбір өсіруші қожалық саны – 9. Бұрындары ауыл халқының негізгі кәсібі– балтамыр өсіру еді. Зауыт істемеген жылдары халық қант қызылшасын өсіруден қол үзіп қалды. Талай техника сатылып кетті. Шаруашылық шатқаяқтаған кезеңде орталықтың дүниесі қолды болды. Кейінгі жылдары елді мекен тұрғындары тәтті түбір өсіруге қайта көңіл бөле бастады. Оған өңдеу кәсіпорнының іске қосылғаны себеп.

Жеке шаруашылықтарға ауылшаруашылық техникасын алу қиынға соққаны белгілі. Себебі, несиеге техника алу үшін банкке кепілдікке бағалы мүлік қою керек. Ауылдағы үйлерді банк қабылдамайды. Олардың көбі ескі. Осындай қолбайлаулар қожалықтардың толыққанды жұмыс істеуіне кесірін тигізді. Бауыржан Сүлейменов бастаған ауылдас үш жігіт техниканы бірігіп алу үшін «Бауыр» деген кооператив құрды. Бұл бастамалары техника алуға мүмкіндік тудырды. Сөйтіп, олар «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жер жыртатын техника алуға сұраныс берді. Үкіметтік бағдарламадан өткізген құжаттарына оң шешім шығарылды. «Бауыр» кооперативі 2,5 пайызбен 27 миллион 600 мың теңгеге трактор сатып алды. Тиімдісі – «Ауыл аманатымен» алған техниканың ақшасын екі жылдан кейін ғана төлей бастайды. Яғни, 2 жылға дейін қолданып, пайдасын көріп, түсім түсіріп алуға болады. Бұл да шаруашылық иелері үшін пайдалы мүмкіндік. Кооператив иелері трактормен бірге тұқым сепкіш, қопсытқыш, тырма, соқаны қосып сатып алды. Бүгінде қожалық толыққанды жұмыс істеуде. Былтыр 10 гектар жерге қызылша егіп, еңбегінің жемісін көрді. Гектарынан 70 тоннадан өнім алып, мемлекеттің қолдау қаржысына ие болды. Биыл шаруашылық иелері қызылша алқабын 26 гектарға жеткізді.

– Қызылша өсіруге бала кезімізден машықтанғанбыз. Мектепте оқып жүргенде ата-анамызға көмектесіп, тәтті түбірді шөптеу, түптеу жұмыстарына шығатынбыз. Бұған дейін әрқайсымыз жеке ескі техникаларымызбен жұмыс істеп жүрдік. Содан кейін бірігіп, жаңа техника алуға бел будық. Шешімімізді қолдаған Үкіметке алғыс білдіреміз. Қазір бар техникамызбен ауылдастарымызға да көмек көрсетеміз. Биыл «КВС – Терана» деген қызылшаның жылдам өсетін, немістер шығарған тұқымын алдық. Жеріміз тыңайған. Қызылша жылына 3-4 рет су ішеді. Күтімін дұрыстап жасасақ, мол өнім алатын шығармыз деген үміт бар, – дейді Бауыржан Бақытжанұлы .

Дала төсін дүбірге бөлеп, жер жыртып жатқан кооператив мүшелерінің көңіл-күйі жақсы. Істері ширақ. Жаңа техниканы таңнан оталдырып, қас қарайғанша еңбек етуде.

Г. ТҰРСЫН.
Жетісу облысы.

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС

БАҒАСЫ – ТИІМДІ, САПАСЫ – ЖОҒАРЫ

Қаламызда ағаштан түйін түйіп, қазақы ыдыс-аяқтарды қолдан жасап, ұлттық кәсіпті жаңғыртып жүрген шебер бар. Ол – он саусағынан өнері тамған алтын қолды ағаш ұстасы Олжас Шамшадинов. Жұбайы Зарина екеуі бірлесіп, отбасылық кәсіп құрған.

2016 жылы ашылған цехта бастапқыда небәрі екі адам жұмыс істеген. Олжастың өзі мен досы Константин Терягин екеуі ерінбестен астау жасап бастаған. Жастайынан аттың ер-тұрманын, қазақтың қара домбырасын қолдан жасаған ол қолөнер шебері ретінде әбден пісіп жетілген. Бүгінде мұнда 90 адам жұмыс істейді. Қолөнерші әлі де 30 шақты адамды жұмыспен қамтысам деп отыр. Мұнда жұмыс істейтін әр шебердің еңбегі зор. Астауды жонып, қолмен сызып, бояп, әрлейтін қолөнер шеберлерінің ісі ерен. Өркен жайған бизнесті, яғни, ақ қайыңнан жасалған астауларды біз де барып көріп, шеберлермен сөйлесіп қайттық.

Ата-бабамыз қолданған экологиялық таза ағаштан жасалған ыдыстар мұнда самсап тұр. Астау, оқтай, тақтай, табақ, тегене, шара аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі сынды қолдан жасалған бұйымдар бұл күнде өз тұтынушысын тапқан. Дәстүрлі мұрамызды жалғаушы қолөнершіге деген сұраныс та күннен-күнге артып келеді. Өйткені, қазір сыйлы қонақ күткенде байырғы ағаш тостағанмен, астау сынды табақпен ас әкелу үрдіске айналды. Ең өтімдісі – астау. Біз барған уақытта үш үлкен ет салатын астауды белгілі әнші Алтынбек Қоразбаевқа арнап жасап жатыр екен. Айтуларынша, танымал адамдар да тапсырыс беріп алып кетеді екен. Олжастың астаулары қыр асып, Францияда, Германияда, Ресейде жүр. Ол жақтан қыдырып келген қонақтар бір-бір астау жасатып, елдеріне әкетеді екен.

– Әр шебердің айлығы әр түрлі. Ең жоғары айлық – 700 мың теңге. Оны әу баста өзіммен іс бастаған Константин Терягин алады. Күніне 25 мың табады. Қазақша сөйлейді. Мұсылмандықты қабылдаған. Осы жұмыстың арқасында қарыздарынан, несиесінен құтылды. Ондай жұмысшылар көп бізде. Олар ең аз дегенде 180 мың алады. Елдің бәрінің басында несиесі болғандықтан айлықты апта сайын беремін. Әркімнің өз жұмысы бар. Біреу сырлайды, біреу жонады, біреу станокпен жұмыс істейді. Бүгінде үш өндірістік цех жұмыс істеп тұр. Жұмыс уақытысы азанғы 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін. Түскі ас осында беріледі. Астауға сұраныс өте көп. Себебі, бізде нарыққа сай қалтаны ұрмайтын баға. Күз айларында тағы да жұмысшыларды көбейтсек деп отырмыз, – дейді Олжас Келдібекұлы.

Осында Ерлан Түменбаев есімді азамат программист болып жұмыс істейді. Ол арнайы станокта астауды жасап шығарады. Жарылқасын Бекзат та осы құрылғымен жұмыс істейді. Аппарат арқылы тек астау емес тақтай, есік, пышақ сынды тегіс заттарды жасап шығарамыз деп отыр. «ЧПУ» станок деп аталатын бұл құрылғының Қазақстанда баламасы жоқ. Кореядан әкелінген. 5 миллион 800 мың тұратын апараттың 5 түрлі функциясы бар. Екі сағаттың ішінде 12 астау жасап шығарады. Мұнда күніне 100 астау, айына 3000 астау жасайды.

– Бес бала-шағамыз бар. Өзіміз де көпбалалы ата-анамыз. Олармен қоса 90 адамның еңбекақысы бар. Айлық жалақысын уақытылы береміз. Шикізат та қымбат. Мәселен, ақ қайыңды сонау Ресейден әкелеміз. Айына 100 текше метр ақ қайың әкелеміз. Осындайда кішкене қолөнер шеберлеріне, халықтың мұрасын жалғастырып келе жатқан біз секілді кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау болса ғой. Жеңілдетілген несиеге де ие болмадық. Шынын айтсақ, өз күнімізді өзіміз көріп отырмыз. Алайда, қолдау күтеміз, – дейді Олжас кәсіпкер.

Шындығында мұнда жалғызбасты аналар, көпбалалы әкелер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыс істейді екен. Соның бірі – мүмкіндігі шектеулі азамат Александр. Ол 300 мыңдай айлық алады. Астауды, тақтайды кесіп дайындайды. Ал Ерлан Оспановтың мұнда жұмыс істегеніне алты жылдай болыпты. Астауды кесіп, қалыпқа келтірумен айналысады. Қарамағында төрт адам бар. 40 астауды күніне кесіп, дайындап береді. Инабат Әжібаева есімді маман астауды, тақтайларды өңдеп, сырлаумен айналысады. Алижон Азизхановтың бір басында үш кредиті бар екен. Сол себепті мұнда ол екі жерде жұмыс істейді. Астауды жасайды, екінші жерде астауды майлаумен айналысады. Біз барғанда мақсары майына астауды сырлап жатыр екен. Екі рет майлаймыз дейді ол. Ақ қайыңнан жасалған ыдысқа салынған ет суымайды дейді ол.

– Қарыздан құтылып, «Отбасы банкке» үй сатып алу үшін ақша жинап жатырмын. Жұмысым өзіме ұнайды. «Микрозайм» дегенге кіріп кеткен едім. Құдайға шүкір. Осы жұмысымның арқасында бүгінде бәрінен құтылдым, – дейді шебер Дамир Айтбеков. Прораб Алмаз Ниязбеков те көп балалы әке екен. Ол астауды түбегейлі тазартып, лактағанға дайындап береді. «Бір күнде 70 шақтысын дайындаймыз», – дейді ол.

Екінші аппарат «Ресмус» деп аталады. Германиядан әкеліпті. Қисықты түзулейтін, кесетін құрылғы. Тіпті, мұндағы ағаштан қалған қалдықтар да әжетке жарайды екен. Тұтынушылар оны тегін малдың астына пайдалануға, бау-бақшаға әкетеді.

Бүгінде зергерлік бұйымдарды жасаумен қатар, оны сата білу де маңызды. Цехта дайындалған бұйымдар «OLX», «Instagram» сату алаңдарында да сатылады. Бұл іспен Олжастың жұбайы Зарина айналысады.

– Қазір бұрынғыдай базарда отырып сата алмайсың. Бүгінде заман басқа, сұраныс пен талап та басқа. Жасаған еңбегіңді сата білу– ол да өнер. Жалпы қолөнер бұйымдарына сұраныс бар. «Astau mastera_taraz» парақшасын өзім жүргізіп отырамын. Жақында ғана ашылу салтанатын жасадық, – дейді ол.

Э. БАЙНАЗАРОВА.
Жамбыл облысы.

БРИФИНГ

«ЖАМБЫЛ» КӘСІПҚОЙ БОКС КЛҰБЫ БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРУДА

Жамбыл облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жамбыл» кәсіпқой бокс клубының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарларына арналған баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз жиынына «Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы «Жамбыл» кәсіпқой бокс клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Бақтияр Тілегенов қатысып, клубтың тыныс-тіршілігі мен жеткен жетістіктері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Спикердің айтуынша, клубтың негізгі мақсаты Қазақстанда жоғары жетістіктер спортын дамыту, халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындау, спорт резервін қалыптастыру және спортшылардың республикалық әрі халықаралық жарыстарға тұрақты қатысуына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда мекемеде 155 спортшы тіркелген. Олар 19 оқу тобында жаттығады, оның ішінде 9 топ – Спорттық жетілдіру тобы, ал қалған 10-ы – Оқу-жаттығу тобы. Аталған спортшылардың 35-і – ҚР спорт шебері, үшеуі – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екеуі – ҚР еңбегі сіңген спорт шебері, 114 спортшы – спорт шеберіне үміткер мәртебесіне ие.

Клубта 20 жаттықтырушы жұмыс істейді. Оның ішінде 7 жаттықтырушы – ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы атағын алған, оны – жоғары санатты, үшеуі – бірінші санатты мамандар. Спикердің сөзіне сүйенсек, жаттықтырушылар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру мәселесі жолға қойылған. Оқу-жаттығу процесі бекітілген жылдық жоспарға сай дұрыс ұйымдастырылған. Жаттықтырушылар мен қызметкерлер белгіленген кестеге сәйкес жұмыс жүргізіп келеді. Оқу жылы басталғалы бергі педагогикалық кеңесте оқу-жаттығу, тәрбие, әдістемелік, спорттық-бұқаралық жұмыстар мен дәрігерлік бақылау мәселелері қаралып, шешімдер қабылданған. Сонымен қатар, әр екі апта сайын сәрсенбі күні мекеменің жалпы жиналысы, ал ай сайын жаттықтырушылар кеңесі өткізіліп, жоспарланған жұмыстар мен жарыстардың барысы сараланып отырады.

Өткен жылы Қазақстанның ұлттық құрама командасына аталған клубтан 17 спортшы еніпті. Олардың қатарында ересектер, жастар, әйелдер және жасөспірімдер санатындағы боксшылар бар. Атап айтқанда, ересектерден – 5, жастардан – 5, әйелдерден – 5 және жасөспірімдерден–2 спортшы ұлттық құрама сапына алыныпты. Бұл – клубтың жүйелі жұмысының нәтижесі.

2024 жылғы спорттық жетістіктер де назар аударарлық. Әлем чемпионатынан 1 алтын, 1 күміс медаль, Әлем Кубогынан 1 қола медаль, Азия чемпионатынан 3 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль, ал Қазақстан Республикасының чемпионатынан 2 алтын, 5 күміс, 4 қола медаль еншілеген. Сонымен қатар, халықаралық турнирлерде 21 алтын, 10 күміс, 23 қола медаль иеленсе, облыс чемпионатында 6 алтын, 4 күміс, 5 қола медальмен оралды. 2025 жылдың I тоқсанында да жетістіктер жалғасып, Әлем Кубогында – 1 қола, (U-22) ҚР чемпионатында – 1 алтын, 1 күміс, 2 қола, ал халықаралық турнирлерде – 4 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль жеңіп алынды.

Клубтың биылғы негізгі мақсаты Қазақстан ұлттық құрама командасының сапына спортшыларды негізгі құрам ретінде енгізу. Сондай-ақ 2028 жылы АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына лицензиялық жарыстар арқылы жолдама жеңіп алу болып отыр. Сонымен қатар, биыл өтетін Қазақстан, Азия және Әлем чемпионаттарына спортшыларды қатыстырып, жүлделі орындарға ие болу да басты жоспарлар қатарында.

Бақтияр Қуанышұлы Жамбыл боксының әлеуеті жоғары екенін, жастардың ынтасы мен дайындық деңгейі үміт күттіретінін атап өтті. Алдағы уақытта да жүйелі дайындықтың арқасында жамбылдық боксшыларды әлемдік аренадан көретінімізге сенімді екенін жеткізді.

Баспасөз конференциясының соңында БАҚ өкілдері спикерге сұрақтарын қойып, мазмұнды әрі нақты жауаптарын алды.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМДЫҚ ІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, саламатты өмір – парақорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Айналамызды ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай, онымен күресу – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюдың, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолданудың нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп әрекет етуі керек.

Б. МЫРЗАЛИПОВ,
Шу аудандық сотының судьясы.
Жамбыл облысы.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Астанада өтіп жатқан «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты республикалық экологиялық акция аясында қала тұрғындары игі іске бір кісідей жұмылып жатыр. Бұл жолы «Тұрсын-Астана 2» тұрғын үй кешенінің тұрғындары бірлесіп сенбілік өткізді.

Жүзден астам адам сенбілікке шығып, өз үйлерінің айналасын тазалап, ағаштардың түбін қопсытып, қоршаған ортаны күтіп-баптауға өз үлестерін қосты. Бұл тек тазалық шарасы ғана емес, тұрғындардың бірлігі мен ұйымшылдығын көрсеткен маңызды бастама болды.

– Біз бұл іс-шараны жыл сайын 12 сәуірде дәстүрлі түрде өткізіп келеміз. Мақсатымыз – жастарды еңбекке, тазалыққа баулу арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Бұл – өскелең ұрпаққа үлгі болатын іс, – деді тұрғын үй кешенінің төрағасы Қуаныш Оспанов.

Оның айтуынша, сенбілік – жай ғана қоқыс жинау емес, бұл– ортақ құндылықтарға қызмет ету. Сол себепті, ол барлық елорда тұрғындарын «Таза Қазақстан» акциясын қолдауға шақырды.

Сенбілікте балалар да белсенділік танытып, үлкендерге көмектесіп, аула ішіндегі қоқыстарды жинауға жұмылды. Кішкентай тұрғындардың тазалыққа деген ықыласы көпшілікке әсер етті. Тұрғындар Қуаныш Оспановтың еңбегін жоғары бағалап, оған төсбелгі тағып, Алғысхат табыстады.

Сенбілік аяқталған соң, көпшілік Наурыз мейрамын атап өтті. Аулада киіз үй тігіліп, қазан көтеріліп, дәмді ұлттық тағамдар әзірленді. Бұл іс-шара экологиялық мәдениет пен ұлттық дәстүрдің үйлесімді үндесуіне айналды.

Мерекелік көңіл-күйді Астана қаласы филармониясының өнерпаздары одан әрі жандандырып, ән мен күйден шашу шашты. Тұрғындар өздері де ән айтып, көңілді отырыс ұйымдастырды.

Е. ЕРҒАБЫЛҰЛЫ.
Астана қаласы.

КЕЗДЕСУ

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Мойынқұм ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Жамбыл ауылындағы Абай атындағы орта мектепте «Біздің қоғамдағы заң және тәртіп» атты танымдық іс-шара өтті. Оған құқық қорғау органдарының өкілдері, мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты оқушыларға құқықтық тәрбиенің негіздерін түсіндіру, заңның қоғамдағы рөлін ұғындыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру болды. Сонымен қатар, жасөспірімдерге тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын жеткізу, өз құқықтары мен міндеттерін білуге баулу кездесудің негізгі міндеттерінің бірі.

Іс-шара барысында оқушылар заң мен тәртіпке қатысты қызықты мәліметтермен танысып, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған пікірталастарға белсене қатысты. Мектеп ұстаздары мен құқық қорғау органдарының өкілдері заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруда құқықтық санасы биік, азаматтық ұстанымы берік ұрпақтың маңызы туралы сөз қоғады. Жағымсыз әдеттердің азапты салдары, қылмыс пен жаза мәселелері де тыс қалған жоқ. Құқық қорғау органдарының өкілдері күнделікті тәжірибеден мысалдар мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтар статистикасына сүйене отырып, жастарға ой салар әсерлі әңгімелесу өткізді. Жастар өздерін толғандырған өзекті сұрақтарын қойып, пікір бөлісті. Олардың бұл белсенділігі құқықтық сауаттылыққа деген ынтасының жоғары екенін көрсетті.

Аталған іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Бұл – еліміздің болашағы саналатын жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттырудағы маңызды қадамдардың бірі.

Г. ЛЕСБЕКҚЫЗЫ.
Жамбыл облысы.

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДА «ҚОСТАНАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» АҚ-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге «Қостанай халықаралық әуежайы» АҚ-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 18 сәуірде сағат 10.00-да** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әуежай 3 ғимарат, басшының кабинеті мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ КОСТАНАЙ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ АО «МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ КОСТАНАЙ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа «Международный аэропорт Костанай» на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичное слушание состоится **18 апреля 2025 года в 10.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, Аэропорт, здание 3, кабинет руководителя.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

САРЫКӨЛ АУЫЛЫНДА «МАНСАП ТРЕЙД» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметтерге «Мансап Трейд» ЖШС-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 18 сәуірде сағат 11.00-да** Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл ауылы, 105 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ САРЫКОЛЬ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «МАНСАП ТРЕЙД»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ТОО «Мансап Трейд» на услуги по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичное слушание состоится **18 апреля 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, Сарыкольский район, село Сарыколь, строение 105.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

ФЕДОРОВ АУЫЛЫНДА «ТЕПЛОЦЕНТР» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге «Теплоцентр» МКК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 18 сәуірде сағат 12.00-де** Қостанай облысы, Федоров ауылы, Набережная көшесі, 9 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ ФЕДОРОВКА ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ТЕПЛОЦЕНТР»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Теплоцентр» на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергии.

Публичное слушание состоится **18 апреля 2025 года в 12.00 часов** по адресу: Костанайская область, село Федоровка, улица Набережная 9.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ, saltar61@mail.ru
Газет 1994 жылдан шығарылып келеді

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз:
www.salyq-gazet.kz

Басылым аптасына 3 рет шығады.

Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 272